



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

15 қауым 2024 ж.

№ 505

Атырау қаласы

город Атырау

**Инклюзияны қолдау жөніндегі
ресурстық орталықты
ұйымдастыру туралы**

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Облыстық арнайы мектеп интернаты» мемлекеттік мекемесі инклюзияны қолдау жөніндегі облыстық ресурстық орталық болып белгіленсін.
2. Инклюзивті практиканы дамытуда психологиялық – педагогикалық және әдістемелік үйлестіруді жүзеге асырсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма басшысының орынбасары С.Аманшиеваға жүктелсін.

**Басқарма басшысының
міндетін атқарушы**



Т.Байдошев



Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

3) есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынып тұрсын.

3. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.06.2024 № 465 қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне жүктелсін.

5. "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

	әзірлеу			
Нысаналы 9-индикатор Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесі (мектепке дейінгі ұйымдарда: 2023 жыл – 40 %, 2024 жыл – 60 %, 2025 жыл – 80 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %, орта білім беру ұйымдарында: 2023 жыл – 80 %, 2024 жыл – 90 %, 2025 жыл – 95 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %, ТжКБ ұйымдарында: 2023 жыл – 70 %, 2024 жыл – 80 %, 2025 жыл – 90 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %)				
46.	Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен студенттер үшін тең жағдай жасау және оларға кедергісіз қол жеткізу (пандустар, лифттер, әлеуметтік объектілер, білім алушылардың жұмыс орындары, кітапханалар, бағдарламалар, педагог кадрлар)	ОМ-ге есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	ЖАО
47.	Арнайы білім беру ұйымдарының базасында инклюзияны қолдау жөніндегі ресурстық орталықтарды ұйымдастыру	ОМ-ге есеп	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	ЖАО
48.	Мектептер жанынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау кабинеттерін ашу (жыл сайын 40 кабинет)	ОМ-ге есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	ЖАО
Нысаналы 10-индикатор Жоғары жылдамдықты Интернетпен қамтамасыз етілген мектептердің үлесі (2023 жыл – 55 %, 2024 жыл – 80 %, 2025 жыл – 90 %, 2026 жыл – 100 %, 2027 жыл – 100 %, 2028 жыл – 100 %, 2029 жыл – 100 %)				
49.	Ықтимал қауіпті, "ересектерге арналған" контентті бұғаттау үшін мектептерді Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзіне қосу	ОМ-ге есеп	2023 – 2026 жылдардағы желтоқсан	ЖАО, ЦДИАӨМ
50.	Жоғары жылдамдықты Интернетке қосылудың техникалық шарттарын қамтамасыз ету, Интернет жылдамдығын арттыру мәселелерін пысықтау	ОМ-ге есеп	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	ЖАО, ЦДИАӨМ
51.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген	ОМ-ге есеп	2023 – 2027 жылдардағы желтоқсан	ЖАО